

30.05.2019 ж.

«Зұлмат жылдар –жан жарасы»

Елімізде 31 мамыр ашаршылық пен қуғын сүргінге ұшырағандарды еске алу күні. Қасіретке толы 1929-1933 жылдар аралығында 4 млн-ға жуық қазақстандық аштықтан қаза тапты. Ал 1937-1938 жылдары қазақтың кіл қаймағы саналатын итжеккенге айдалып, басым бөлігі ату жазасына кесілді. Өкінішке орай, қасіретке толы сол оқиғаны көп жас біле бермейді. Ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай, «Зұлмат жылдар –жан жарасы» атты кітап көрмесі № 2 ОҒӘК-ның оқу зал бөлімінде ұйымдастырылды.

Мақсаты: өскелең ұрпаққа тарихымызда орын алған қасіретті ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, ата-баба ерліктерін насихаттау, жастардың патриоттық сезімін арттыру, батыр бабаларымызға тағзым ету.

Көрмеге кітапхананың қорындағы «Азалы кітап», «Алаш қозғалысы», «Карлаг», Т.Абылайхановтың «Сұрапыл жылдар», М.Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты», А.Тасымбеков «Жан дауысы», Т.Омарбеков «20-30-жылдардағы қазақстан қасіреті» т.б әдебиеттермен қатар баспасөз беттерінен алынған материалдар және қуғын-сүргін құрбандары: М.Жұмабаев, А Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, І. Жансүгіров, М.Дулат, С.Сейфуллиндердің шығармаларымен танысуға болады.

Кітап көрмесін көруге шақырамыз!

